

Сұрақ: Мемлекет басшысы Жолдау шеңберінде кредиттерді жылдық 6%-бен мемлекеттік субсидиялау арқылы шағын және орта бизнеске қосымша көмек көрсетуді тапсырды. Сонымен бірге Жолдауда көмекті экономиканың зардап шеккен секторларынан ШОБ алады деп айтылған. Атап айтқанда қандай кәсіпорындардың арзан кредит алуына мүмкіндігі бар?

Жауап: Қазақстан Республикасының Президенті өзінің жыл сайынғы Жолдауында шағын және орта бизнеске қаржылай қолдау көрсетуге, оның ішінде кредиттер бойынша төлемдерді төмендетуге ерекше назар аударды. Мемлекет басшысы мемлекеттің қаражаты есебінен экономиканың зардап шеккен салаларында кәсіпкерлер үшін пайыздық мөлшерлемелерді **жылдық 6%-ға дейін** субсидиялауды қамтамасыз етуді тапсырды.

Пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін субсидиялау Бизнесің жол картасы-2025 бағдарламасының шеңберінде ТЖ режимі жарияланған сәттен – **биылғы 16 наурыздан бастап 12 ай кезеңге экономиканың зардап шеккен салаларында кәсіпкерлердің барлық қолданыстағы кредиттері бойынша жүзеге асырылатын** болады.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк Агенттікпен бірлесіп айналым капиталын жылдық 8%-бен толықтыру үшін Жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын іске асыруда.

Карантин шараларын енгізу экономиканың сауда, көлік қызметтері, тұру және тамақтану, ойын-сауық, демалыс, туризм сияқты салаларындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне барынша көп әсер етті.

Ұлттық экономика министрлігімен және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп Агенттік карантин кезеңінде зардап шеккен салалардың нақты тізбесін айқындайды.

Бүгінгі күні банктерде шамамен **30 мыңдай шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің** кредиті бар. Тұтастай алғанда, **кредиттерді 6%-бен субсидиялау мүмкіндігін қарыз алушылардың шамамен 40%-ы пайдалана алады**, бұл ағымдағы борыш жүктемесін айтарлықтай азайтуға, жалақыны, жалдау ақысын, коммуналдық қызметтерді және басқа да шұғыл қажеттіліктердің ақысын төлеу үшін айналым капиталын босатуға мүмкіндік береді.

Қолдау көрсету шаралары мұндай көлемде алғаш рет көрсетіліп отыр және олар пандемияның экономика мен бизнеске жағымсыз әсер етуінің

сипаты мен маңыздылығына байланысты қабылдануда.

Сұрақ: Кредиттік ұйымдардың жауапкершілігін арттыру бөлігінде, сондай-ақ кредиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді саралау және төмендету жөнінде қандай қосымша реттеу шаралары қабылданады?

Жауап: Қазақстан Республикасының Президенті өзінің жыл сайынғы Жолдауында әлеуметтік салдарға әкеп соғуы мүмкін тұтынушылық кредиттеу нарығындағы тәуекелдерге, тұтынушыларды шамадан тыс, тіпті жауапсыз кредиттеуді нормативтік тұрғыдан тоқтатуға баса назар аударуды тапсырды.

Мемлекет басшысы кредиттік ұйымдардың жауапкершілігін арттыру бөлігінде, сондай-ақ кредиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді саралау және төмендету жөнінде қосымша реттеу шараларын қабылдауды тапсырды.

Кепілсіз тұтынушылық қарыздар беру кезінде банктер мен микроқаржы ұйымдарының жауапкершілігін арттыру мақсатында қарыз алушылардың кредиторлар алдындағы міндеттемелерін өтеуге қаржылық мүмкіндіктері болмайтын жағдайларды барынша азайту үшін қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін бағалау жөніндегі қосымша талаптар енгізіледі.

Сонымен қатар, қарыз алушылардың борыш жүктемесін шектеу үшін Ұлттық Банкпен бірлесіп азаматтардың мерзімі өткен берешекті қайта құрылымдау жөніндегі құқықтары күшейтіледі, кредитормен проблемалық борышты реттеу талаптары кеңейтіледі. Қарыз алушылардың кредит төлеу қабілеттілігін және кредит тарихын қалпына келтіру үшін проблемалық қарыздары бар қарыз алушыларды оңалту тетіктері енгізіледі.

Кредиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді саралау үшін Ұлттық Банкпен бірлесіп кредиттердің түрі мен мерзімдеріне қарай банктік қарыздар және микрокредиттер бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемелері айқындалады.

Қарыз алушылардың борыш жүктемесін шектеу үшін Агенттік 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға қарыздар беруге тыйым салды және қарыз алушыға борыш жүктемесінің шекті лимитін енгізді. Бұған қоса, кепілсіз қарыздар портфелінің қарқынды өсуіне жол бермеу үшін берілетін тұтынушылық кредиттер бойынша банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігіне қойылатын пруденциялық талаптар 2 есе арттырылды.

Қабылданған шаралар азаматтардың тұтынушылық қарыздар бойынша берешегінің өсу қарқынын шектеуге мүмкіндік берді.

Азаматтардың құқықтарын бұзуға жол бермеу үшін ағымдағы жылғы **1 қаңтардан** бастап кредиттік серіктестіктерді, ломбардтарды және онлайн-кредиттеу компанияларын қоса алғанда, **1079 микроқаржы ұйымы Агенттіктің реттеу аясына енгізілді**. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша меншікті капиталға қойылатын талаптар арттырылды, ломбардтардың басшыларына қойылатын біліктілік талаптары және үй-жайларына қойылатын техникалық талаптар белгіленді.

Сонымен қатар қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін **2021 жылғы 1 қаңтардан** бастап микроқаржыландыру субъектілерінің пруденциялық стандарттардың толық тізбесін, басшы қызметкерлер мен акционерлердің іскерлік беделіне қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ аудит пен есептілікке қойылатын талаптарды міндетті түрде сақтауын көздейтін **микроқаржылық қызметті лицензиялау енгізілетін болады**.